

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша Таженова Гульсара Сериковнаның PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшінің

## ПІКІРІ

Әлемдік дамудың жалпы беталыстары ішінде білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерді қажет ететін ақпараттық қоғамға көшу маңызды мәселе. Соңғы уақыттарда қоғамды ақпараттандыру контекстінде жастар ортасында медиа өнімдерін қолдануға тәрбиелеу мәселесіне педагогикалық зерттеулерде баса назар аударылуда. Бұл ретте заманауи ақпараттық технологиялар мен Интернет жүйесін сауатты, кәсіпке бағдарлай пайдалану еңбек нарығының болашақ мамандары үшін үлкен қажеттілікке айналуда.

Бұқаралаық ақпарат құралдары (БАҚ) мен әртүрлі Интернет желілерінде беріліп жатқан өнімдердің барлығын пайдалы деп айту қиын. Әлемдік желілерде құқықтық нормаларына қайшы келетін ақпараттық материалдар кеңінен таратылуда. Ол материалдар балалар мен жастардың дамуына, тәрбиесіне кері әсер етуде. Бұған педагогикалық тұрғыда бағыт беру жаһандану заманында жастардың ақпарат тасқынының теріс ықпалынан сақтандыру, антигумандық ақпараттар ағынынан өзін-өзі қорғай алу дағдыларын қалыптастырудың өзектілігі артады. Осы тұрғыдан алғанда Г.С.Таженованың зерттеу жұмысы көкейтесті мәселені көтеріп отыр деуге негіз бар.

Диссертант өз жұмысында төмендегі теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізген. Олар:

- медиабілім дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерінің шетелдік, отандық тәжірибесіне тарихи талдау жасай отырып, «ақпарат», «ақпараттық қоғам», «медиа», «медиабілім» дефиницияларының мәндері ашылып, өзара қатынасына сипаттама берілген; «медиақұзыреттілік», «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдарының мәні нақтыланған; авторлық анықтама берілген;

- ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі жасалып, зерттеу мәселесінің тиімділігін арттыратын: медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарас қалыптастыру; медиаөнімдерінің сананы билеушілік әсеріне қарсы тұру тетіктерін меңгерту; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, негізделген;

- студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Медиабілім негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, оның әдістемелік қамтамасыз етілуін іске асыратын оқу-әдістемелік кешен, әдістемелік құрал, педагогикалық мамандықтар бойынша «Медиапедагог» магистрлік білімнің үлгі бағдарламасы дайындалған.

Зерттеу барысында әзірленген элективті курс мазмұны мен әдістемесі тәжірибеден өтіп, тиімділігі дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, өзгеру динамикасы осыны көрсетеді.

Алынған нәтижелер жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану білім алушылардың медиасауаттылығын арттыруға, ЖОО бұл бағытта дайындықтан өткен болашақ педагогтер арқылы оқушылардың дұрыс бағыт бағдар алуына мүмкіндік береді.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылауды ұйымдастыру Комитетінің тізіміндегі басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін журналдарда жарық көрген. Барлығы 22 жарияланым.

Зерттеу жүргізу барысында диссертант өзін дербес, мүдделі, білімін тәжірибеде қолданаалатын, ғылыми еңбекке қабілетті ізденуші ретінде көрсете білді.

Диссертант Г.С.Таженованың *«Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары»* тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп санап, оның авторы «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор



Абай атындағы БҚТТУ  
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІ БАСҚАРУШЫ  
НАМАЛЫҚ ОСТАПАҚ  
УҚРАЛЕНІВ ПЕРСОНАЛ  
Б.А.Тұрғынбаева